

Қазақстан Республикасының Парламенті

Қазақстан Республикасының 1997
жылғы 21 наңтардағы N 68 Заны

Парламент Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Президентінің "Банкроттық туралы" Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының кеібір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Банкроттық туралы" 1995
жылғы 7 сәуірдегі N 2173 U952173_ Заң күші бар Жарлығының (Қазақстан
Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 29-құжат; N 15-16,
109-құжат) күші жойылды деп танылсын.


2-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен
толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 24 желтоқсанда
K941000_ қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы
бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24
(қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; N 24, 174-құжат;
Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14,
277-құжат);

1) 49-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Егер занды тұлға жөнінде осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіп
бойынша оны тарату туралы шешім қабылданып, оның мүлкінің құны несие
берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, ондай занды
тұлға банкроттық туралы зандарда белгіленген тәртіппен таратылуы мүмкін";

2) 51-баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда
жазылсын:



«ЗКАИ» ШЖК РМК лауазымды тұлғаның ЭЦК мәліметі бар QR-код



КР НҚА ЭББ-гі накты
құжатқа сілтеу QR-коды

"2) екінші кезекте - несие берушілердің қамтамасыз ету сомасы шегінде таратылатын банкроттың мұлкін кепілге салып қамтамасыз еткен міндеттемелері жөніндегі талаптары қанағаттандырылады;

3) үшінші кезекте - еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың еңбегіне ақы төлеу және авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі есеп айырысу жүргізіледі;

2), 3) және 4) тармақшалар тиісінше 3), 4) және 5) тармақшалар болып есептелсін;

3) 52-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Банкроттық

Банкроттық - соттың шешімімен танылған немесе берушілердің келісімі негізінде соттан тыс тәртіппен ресми хабарланған борышкердің оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі.

Борышкердің - жеке кәсіпкердің немесе занды тұлғаның ақшалай міндеттемелер бойынша несие берушілердің талаптарын қанағаттандыра алмауы, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбегіне ақы төлеу жөнінде есеп айырыса алмауы, сондай-ақ бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді өзіне тиесілі мұлік есебінен қамтамасыз ете алмайтын қабілетсіздігі оның дәрменсіздігі деп түсініледі";

4) 53-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Банкрот деп тану

1. Банкроттық ерікті түрде немесе мәжбүр еті тәртібімен танылуы мүмкін.

2. Банкроттықты ерікті түрде тану борышкердің сотқа берген өтініші негізінде не борышкердің өз банкроттығын несие берушілермен келісім негізінде соттан тыс тәртіппен ресми жариялауы арқылы жүзеге асырылады.

3. Мәжбүр ету тәртібімен банкрот деп тану несие берушінің, ал заң актілерінде көзделген жағдайларда өзге де адамдардың сотқа өтініш беруи негізінде жүзеге асырылады";

5) 54-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"54-бап. Банкроттық туралы істер жөніндегі оқалту рәсімі

Төлем қабілеті жоқ борышкерге оның таратылуына жол бермеу мақсатымен төлем қабілетін қалпына келтіруге бағытталған, заңға қайшы келмейтін кез-келген шаралар қолданылуы мүмкін.

Аталған шаралар оңалту рәсімі шеңберінде іске асырылады, оны жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімі банкроттық туралы заңдармен белгіленеді";

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ Заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат);

9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 40) тармақшамен толықтырылсын:

"40) банкроттық рәсімдерінде төлем қабілеті жоқ борышкердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі қызмет".

3. 1963 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР Азаматтық іс жүргізу кодексі (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметінің Жаршысы, 1964 ж., N 2, 1988 ж., N 2, 19-құжат; N 15, 148-құжат; N 16, 159-құжат; 1990 ж., N 11, 110-құжат; 1991 ж., N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 294-құжат; N 24, 597-құжат; 1993 ж., N 8, 161-құжат; N 17, 419, 424-құжаттар; 1995 ж., N 23, 140-құжат);

II бөлім мынадай мазмұндағы 33-1-тараумен толықтырылсын:

"33-1-тарау. Банкроттық туралы істерді қарастыру

278-1-бап. Банкроттық туралы істерді қарастыру

Банкроттық туралы істерді сот азаматтық сот ісін жүргізуудің жалпы ережелері бойынша банкроттық туралы заңдарда белгіленген ерекшеліктермен қарайды".

**Қазақстан Республикасының
Президенті**